

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Сапарғалиев А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Шаяхметова М.Н.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

juzowork@gmail.com

Қазақстанның қазіргі заман тарихы, салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылады. Сонымен қатар бұл кезеңнің тарихы бүкіл адамзат дамуындағы жаңа сатымен сәйкес келіп тұр. Бұл туралы Қазақстан- 2050 стратегиясында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген сөзбен айтылып кеткен. Қазіргі заман тарихы Кеңес одағымен қатар тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашаққа деген жолын айқара көрсетеді. Қазақстанның қазіргі заман тарихындағы алғашқы қарастырылатын оқиға- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Көтерілістің шығу себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар болды. Отарлық езгінің соғыс кезінде айтарылықтай күшеюі яғни салықтардың 3-4 есе өсуі, құнарлы жерлерді тартып алу, орыстандыру саясаты және т.б. Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 маусымда әскердің қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы себеп болды. Осы жарлықтан кейін қазақ ерлері қолдарына қару алып, көтеріліске шықты. Шілденің басында Қазақстанның барлық аймақтарында қарулы қозғалыстар басталды. Болыс билеушілері, ауыл старшындары және тың жұмыстарында тізімді құрайтын патша әкімшілігінің төменгі сатыдағы қызметкерлері, халық ашуының бірінші соққысының дәмін татты. Байлар мен старшиндар қазақтарда туу туралы куәліктің жоқтығын пайдалана отырып, олар кедейлердің жастыры туралы жалған ақпарат беріп, тізімге өз еркімен қалаған адамдарды қосты, ал бай балаларын пара үшін әскерге барудан босатты. Тәжірибеде тізімдерді құру жүйесі жаппай паракорлық пен әдлетсіздікті тудырды. Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс оңтүстік облыстарды санамағанда, көп ұлтты болды, сол көтерілісте қазақтармен бірге ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер және басқа халқтарының бір бөлігі қатысты. Ал Жетісу және Торғай облыстары көтерілістің ең ірі ошақтары болды. Осы аумақтағы көтерілістердің басында А. Иманов, Ә. Жанкелдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ө. Саурықов тұрды. Семей облысында қарулы қақтығыстар шілде-тамыз айында үлкен айналым алды.

Барлық жерде найзалармен, садақпен, суық қарумен, аң аулайтын және берен мылтықпен асынған топтар құрыла басталды. 17 шілдеде Жетісу мен Торғай өңірлерінде соғыс жағдайы жарияланды. Патша үкіметі осы аудандарға ірі әскери жасақтарды жібере бастады. Сонымен қатар патша үкіметі қазақ жерінде орналасқан барлық бекіністерді нығайтуға кірісті. Дегенменде ең ірі жасақтар Торғай өңірінде жиналды. Торғай өңірінде 50 мыңдай адам жиналды. Осы адамдар мыдықтарға, жүздіктерге, елулікке, ондықтарға бөлінді, ал Амангелді Иманов осы әскердің қолбасшысы етіп жарияланды. Оның қасында әскери кеңес жұмыс істеді. 22 қазанда А. Иманов басқарған 15 мың көтерілісші Торғай қ. қоршап алды. Содан соң қоршауды тоқтатып патша әскерімен қатығысқа жөнелді. Осыққақтығыстан соң Көтерісшілер Торғайдан 150 шақырым жердегі батпақты аудандарға қашуға мәжбүр болады. Көтерісшілер осы ауданда патша тақтан құлатылғанша дейін партизандық соғыс жүргізді. Жетісудағы көтеріліс ошақтары аяусыз қырып жойылды. Патша үкіметі осы өңірге үлкен әскери күштерді тартып алды. Көтерілісті басқан соң, сот құрылып, оның шешімі бойынша өлім жазасына 347, азапты жұмыстарға – 168, абақты қамауға – 129 адам кесілді. Жетісудан 300 мың адам көрші қытайға қашуға мәжбүр болды. Осы көтерілістен кейінгі болған ең үлкен оқиға бұл- Ұлы отан соғысы.

Ұлы отан соғысында жеңіске жету үшін қазақ халқы үлкен үлес қосты. 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 6,2 млн адам тұрды, ал соғысқа 1 млн 200 мың ер азамат аттанып, жартысы ғана қайтып келді. 100 мың қазақ жауңгері соғыстағы ерлігі үшін марапатталды,

және 500- дей қазақстандық "Кеңес Одағының батыры" деген құрметті атаққа ие болды. Ал қазақстандық 4 ұшқыш: Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский "Кеңес Одағының батыры" деген құрметті атаққа 2 мәрте иеленді. Сонымен қатар Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тікті, және осы ерлігі үшін "Жауынгерлік Қызыл ту" орденінің иегері болды. Ал 2001 жылы "Халық қаһарманы" атағына ие болды. Сонымен қоса соғыста жену үшін жауынгерлерден кем емес үлес қосқан тылдағы адамдар болды. Соғыс кезінде Қазақстан 30,8 миллион пұт дәнді-дақылдар, 3 млн 194 мың центнер сүт, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 млн дана жылы киім және басқа да өнімдерді майдан даласына жіберді. Қазақстандық тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға жарты млн мал басын жіберген. Азық-түлікпен қатар қазақстан өнеркәсіп орталығына айналды. Соғыс басталғанан кейін Қазақстан аумағына 142 зауыт және жарты млн адам көшірілді. 1,5 жылдың ішінде елімізде 11 кен байыту фабрикасы, 25 кен орны, 19 жаңа көмір шахтасы, 4 жаңа мұнай кеніші, Атыраудағы (Гурьев) мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30%, марганец кенінің 60%, мыс кенінің 50%, металл висмуттың 65%, полиметалл кендерінің 70%, мырыш өнімінің 85% өндірді. Майданда атылған 10 оқтың 9-ы Шымкенттің қорғасын зауытында жасалды. Зауыттарда көбінесе әйелдер, балалар, қарт адамдар жұмыс істеді. Олардың жұмыс күндері ұзартылды, жұмыс көлемі ұлғайтылды, осыған қарамастан қазақ азаматтары жеңіс үшін өздерінің күш жігерін аямай тер төкті. Жалғыз қазақтар ғана емес, қоныс аударған басқа ұлт өкілдері де еңбектенді.

Ұлы отан соғысы кезінде Қазақстан аумағына басқа ұлт өкілдерін қоныс аударды. Олардың ішінде 1941 жылы 300 мыңнан астам неміс ұлтының өкілдері, 1943 жылы күзінен 1944 жылға дейін Қазақстанға 507 480 адам күшпен көшірілді. Олардың ішінде 45 500 қарашай, 406 000 шешен және ингуш, 21,150 балқар, 2 200 қалмақ, 4 500 қырым татарлары, 27 600 месхет түріктері және басқа да ұлт өкілдері болды. Ішіп жеген асы өздерінен артылмай жүрген қазақ халқы, бұл адамдарды бар қонақжайлығымен қарсы алып өз бауырларындай көрді. Қоныс аударған халық өкілдері мен қазақтар бірігіп тылда еңбектенді, және жеңіске деген жолды бірге ашты. Мен өзім туып өскен ауылымда осы қоныс аударған адамдардың ұрпақтары тұрып жатты. Мысалыға менің туып өскен ауылымда қоныс аударылған неістер отбасысы тұрды. Қазір емсіме алсам сол немістер қазіргі қазақтардың біразынан, қазақ тілін жақсырақ білген. Соғыстан кейін И. Сталин өзінің жүйесіне кедергі келтірген әскер басшыларын лагерлерге жібіре бастады. Біразі Қазақстан лагерлерінде болды. Қазақстанды шынымен лагерлер өлкесі деп атасақ артық кетпейміз. Сбөбі Қазақстан аумағында ГУЛАГ-тың 11 лагері болды, олардың ең үлкендері «КарЛаг», «СтепЛаг», «АЛЖИР», «Дальний», «КамышЛаг», «Песчаный».

Еңбекпен түзету лагерлері туралы қаулы 1930 жылы қабылданып, 1931 жылы 19 желтоқсанда қаулы бойынша КарЛаг салынды. Негізінен лагерлерде халқ жаулары, яғни комунисік партияға қарсы шыққан немесе партияның идеологиясын ауытқыған ғалымдар, шенеуніктер, әскер басшылары болды. Арнайы категорияға қазақ зиялыларымен олардың отбасысын жатқызуға болады. Ал саны бойынша ең көп болған қарапайым жұмысшылар мен шаруалар. Қазақстан аумағындағы ең үлкен еңбекпен түзету лагері КарЛаг болды. КарЛаг адам тұрмайтын айдалада салынды деген ой қате. КарЛаг лагерінің аумағында 80 мың тұрғыны бар 4 мың қазақ үйі, және 1200 басқа ұлт үйлері болды. Осы барлық тұрғындарды күшпен қоныс аудартқызды, мал- мүлігін тәркіледі. Бұнымен қоймай лагерге арнарған барактар салуға тартып алды. Ірге тасы 1931 жылы қаланған және 1959 жылға дейін, бұл лагерь арқылы 1 млн-нан астам адам өтті. Құжат жүзінде лагердің сыйымдылығы 32 мың адам болса, іс жүзінде лагерде бір уақытта 75 мыңнан астам адам тұрды. Бұл лагердің басты басты міндеті сол кездегі орталық Қазақстанда ашылған ке орындарын игерудің азық- түлік базасын құру болды. Лагердегі тұтқындарды арзан жұмыс күші ретінде қолданды. Лагерде 106 мал фермасы, 7 бақша және 10 егістік аумағы болды. КарЛаг-тың максималды аумағы 20 мың (2 млн га)

шаршы километр болды. Осы аумақ былай бөлінді: егістікке 111 мың га, шабындық жерлерге 337 мың га, жайылымға- 1 млн 379 мың га жер бөлінді. Лагердегі ауыл шаруашылық үлесі 58% өнеркәсіп үлесі 42% , ал ауыл шаруашылығы өзі екі бөлімнен тұрды олар 52%- бен өсімдік шаруашылығы және 48%- бен мал шаруашылығы болды. Лагерлердегі жағдай нашар болды, адамдар жартылай қираған, суық барактарда мекен етті, тойып тамақ ішпеді, ауыр жұмыс істеді. Осының барлығын бастарынан өткізіп адам болып қалды.Лагерлер жүйесі негізінен Саталиндік жүйенің құралы болды. Тоталитарлық жүйенің өнімі болды десем өтірік айтпаспын.

Әрине И. Сталин қайтыс болған соң лагелік жүйе біртіндеп жоғалып кетті, ал тұтқындар босатылды. Келесі ел жадында қалған Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсан оқиғасы1986 жылы 17- 18 желтоқсан аралығында Алматы қаласында өтті. Оған негізінен жас студенттер қатысты. Бұл көтеріліске себеп болған Г.В. Колбинді Қазақстан ком. партиясының бірінші хатшысы қылып тағайындалуы себеп болды.Негізінде бұл оқиға көтеріліс болмаған. Жастар ком. партияның шешіміне наразылық білдіру үшін көшеге шықты. Олардың ойнда бұзақылық немесе қиратып жою деген ойлар болмаған. Әрине үкіметке «наразылық» немесе «қарсылық» деген сөздердің өзі жақтырмаған. 17 желтоқсан күні алматының орталық алаңына таңертең 300 адам жиналды, ал кешке бұл сан 20 мыңға дейін өсіп кетті. Олар үкіметтен Г.В. Колбинды орнынан алуды талап етті. Бірақ бұл талапты орыдау түгелі, оны естігісі де келмеді. Осыдан кейі «көтерілісті» басу үшін, қалаға,басқа қалалардан милиция, милицияның арнайы топтарын және әскерге дейін кіргізді. Нәтижесінде «көтеріліс» аяусыз басылып тасталды. Осыған карамастан жастар келесі екі күн бойы көшеге шыққанда оларды қуып аулап милиция бөлімшелеріне жіберіп отырды. Нәтижесінде 2401 адам қамауға алынды, әрине барлығына түрмеде орын жетпеді, орын жетпеген 6 мың адамды қала сыртына шығарып тастады. Бұл оқиға “қазақ ұлтшылдығының көрінісі” деген атау алып, көтеріліске қатысқан адамдары қуғын сүргінге ұшыратты. Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар. Бұл оқиғаны тәуелсіздікке деген қазақ халқының алғашқы қадамы десе болады. Бірақ тәуелсіздікке деген соңғы қадам1991 жылы Кеңес одағындағы төңкерістен кейін болды. КСРО құрамындағы елдер бірінен соң бірі одақтаншыға бастады. Атап айтып кететін мңызды жайт, балтық елдері төңкеріске дейін одақтан шығып кеткен. Бірінші болыпУкраина 1991 жылғы 24 тамыз, содан соң Беларусь 25 тамыз, Молдова 27 тамыз, Әзірбайжан 30 тамыз, Қырғызстан 31 тамыз, Өзбекстан 1 қыркүйек, Тәжікстан 9 қыркүйек, Армения 21 қыркүйек және Түрікменстан 27 қазан күндері өздерінің тәуелсіздіктері туралы жариялады.

Кеңес одағында екі ел қалды олар: Рресей және Қазақстан. Алайда Қазақстан одақтан шығуға асықпады. Себебі Қазақстан құрамындағы қазақтар саны 40%-дан төмен болды, мезгілсіз тәуелсіздік басқа ұлттардың наразылығын туғызуы мүмкін еді. 8 желтоқсан күні Ресей, Украина, және Беларусь бас қосу нәтжесінде ТМД құрылғаны туралы жариялады, алайда бұл бас қосуға орта азия елдері шақырылмады. Осыдан кейін 12 желтоқсанда Ашғабадта орта азия елдері бас қосты. Бұл кездесуде Ашғабад және басқа орта азия елдері ТМД елдеріне үндеу жасады. Ол үндеудің негізгі ойы ТМД елдері бізді тең дәрежелі елдер ретінде санаса ТМД елдеріне қосылатындықтарын мәлімдеді. ТМД елдері бұл хабарды жақсы қабылдап, 21 желтоқсанда Алматыда кездесетін болды. Қазақстан тәуелсіздігін 16 желтоқсан жариялады.

Өйткені осы мезгілде жария етілетін тәуелсіздік Қазақстандағы ешбір ұлтты алаңдататып қарсылығын туғызатын шешім емес еді. Себебі бұрынғы одақ елдері достық қатынастарын жалғастырмақ еді. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш мойындаған ел АҚШ болды, екінші болып Қытай, ал үшінші болып мойындаған Ұлыбритания. Кейбір дерек көздерінде Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған Түркия дегенді көруге болады, бірақ бұл мүлдем қате ақпарат, себебі Түркия Қазақстан тәуелсіздігін 17 болып мойндады. Дегенменде Түркия Қазақстанда бірінші болып өз елшілігін ашты.Сонымен 16

желтоқсан Қазақстан тарихындағы ең үлкен оқиғалардың бірі. Себебі ғасырлар бойы армандап жүрген тәуелсіздікке осы күні қолымыз жетті. Тәуелсіздікті алған соң Қазақстанның басты міндеті, қанмен, термен келген тәуелсіздікті сақтап қалу.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қазақстандағы 1916 жылдың ұлт-азаттық қозғалыс <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8754/>
- 2 QASYM.KZ Электронды журналы [Электрондық ресурс].— <https://qasym.buketov.edu.kz/zheltoksan-koterilisi-tauelsizdikke-umtylgan-kazak-zhastarynyn-kuresi/>
- 3 TRT.net Электронды газеті [Электрондық ресурс].— <https://www.trt.net.tr/kazakh/bag-darlamalar/2017/10/01/k-azak-stannyn-1991-zhyly-t-uielsizdighin-zhariialauy-817165>
- 4 Сәукетаев Т. Ай қараңғысы (Тұрысбек Сәукетаевтың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жайлы романы) // https://vk.com/wall-88875282_6438
- 5 Садыков М.К. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 2005. – 428 б.
- 6 Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл.
- 7 Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы Алматы, 2006 ж. – 624 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ

Манатбек С.С.

Ғылыми жетекшісі: құқық және экономика магистрі Абилова А.Ж.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті

adika_jan@mail.ru

Тәу етер қастерлі Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл! Тәңірдің өзі тарту еткен еркіндік әрқайсымызға қымбат болары сөзсіз. Осы бір еркіндік, тәуелсіздік сөзін айта алғанымыздың өзі ғанибет секілді. Жас та болса тарихы тереңге бойлап жатқан мемлекетіміз бүгінде өз алдына дара болып отыр. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алғаннан кейін, еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен мемлекеттік рәміздері экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Тәуелсіздік үшін, келер ұрпақ үшін қасықтап төгілген еңбек пен қанша ма жазықсыз жанның өмірден өтуі тарихтың қалың беттерінде өрнектей ойылып жазылып тұрғаны бәрімізге аян. Дегенмен де рухты да батыр ұл-қыздарымыздың еңбегі еш кеткен жоқ, олар қазақ елінің жаңа дәуірінде алғашқы кірпіші болып қаланды, негізіміз осындай кемел де батыр дана адамдардың еңбегімен қаланды, бұл үлкен-ерлік әрі мақтаныш!

Ел тәуелсіздігін алған кезде халық болып қана қуанған жоқпыз. Қазақ елінің өз алдына республика болуын қалаған әрі ең бірінші болып мойындаған Түркия. Бұл тәуелсіздікті бір ел ғана емес, бүкіл ел болып қолдайды деген сөз. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол оның ішкі және сыртқы әлемі, экономикасы, ақшасы деген секілді көптеген құндылықтарға келіп тіреледі. Аталған құндылықтарды отыз жыл ішінде үлкен мақсатқа айналдырған еліміз астанасын да бекітті. Тіпті бүгінде Астана арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматының өзін мәдениет пен әдебиеттің қаласына айналдырды. Өзінің ішкі туризмі, теңгесі, ұзын сонар қара жолдары тарамдалып жатты. Осылайша қазақ жері қазақ елі 30жыл бойы тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп келе жатыр. Арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керегені кілем үсті көтеріп, Отанды